

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

**ЖИНАҒЫ**  
**7 - қазан, 2022 ж.**

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

**ЖИНАҒЫ**

**7 - қазан, 2022 ж.**

**СБОРНИК**

материалов Международной научно-практической конференции «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой  
7-октября, 2022 г.

**COLLECTION**

Collection materials of the International scientific and practical Conference «PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

**October -7, 2022 y.**

**Астана, 2022**

**ӘӨЖ 37.0**  
**БКК 74.00**  
**П 82**

**Редакция алқасы:**

**Ж.Д.Курманғалиева** - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

**ISBN 978-601-337-713-1**

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

**ӘӨЖ 37.0**  
**БКК 74.00**  
**П 82**

**ISBN 978-601-337-713-1**

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

**@Астана, 2022**

6. Fekkes M., F. I. M. Pijpers. S. P. Verloove-Vanhorick. Bullying: who does what, when and where? Involvement of children, teachers and parents in bullying behavior. HEALTH EDUCATION RESEARCH Theory & Practice. Vol.20 no.1 2005 Pages 81–91 Advance Access publication 14 July 2004
7. Федотова Е.П. Противодействие школьному буллингу: опыт организаторских организаций // Международный научно-исследовательский журнал. №5 (107). Часть 2. – 2021. – с.154-157.
8. Machackova P. Selected Basic Schools Pedagogical Workers' Preparedness for Bullying in School Environment. 2010, Volume 21. p 218-23.

УДК 740.1

**БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ  
ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН ЖАҚСARTУДАҒЫ  
ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Айкинбаева Г. Қ.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

**Ахметкалиева М.Ж.**

№ 48 мектеп-лицейінің жоғары білімді, зерттеуші-педагогі, бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш мектеп – өскелең ұрпаққа білім берудің бастамасы. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, еліміздің көркейіп-өрендеуіне, ел талап-тілектерінің бетбұрыстарына байланысты жаңа ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны неғұрлым өмір талабына қарай өзгерту міндеттері қойылды.

Еліміздің егемендігі мен тіліміздің тәуелсіздігі де өскелең ұрпаққа жаңа талаптар қояды. Бала психологиясын жан- жақты зерттеп, оны терең білу, оның даралық ерекшеліктерімен үнемі санасып отыру мектеп пен мұғалімдерге жауапты да құрметті міндеттер жүктейді.

Бастауыш мектеп кезеңіне 6-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Жекелеген психикалық үрдістердің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп шағында жүзеге асады. Бұл кезде балада қабылдау қабілеті жетіледі. Көру мен есту қабілеті дамып, түстерді айқын ажырата алады. Қабылдаған заттардың қасиеттері мен сапаларын меңгереді. Қоғам өміріндегі жаңа негіздерге бақылампаздығы артып, қабылдауын басқарып, оны қажетті мақсатқа бағыттай алады.

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық үрдісіне өзгеріс енеді. Іс-әрекетке белсенділігін көрсете отырып, ақыл-ой еңбегін зейін арқылы жүзеге асырады.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді. Мектептегі оқу үрдісінің талаптары мен өзіне тән мазмұны бұл үрдісті едәуір дамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады.

Оқу үрдісінде ой операциялары да іске асады. Елестету бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігіне ой қорытындысын жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру деген сияқты түрлері анық көріне бастайды. Оқушыларда жоғары дәрежеде, жүйелі түрде нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балалардың тіл дамуы – ана тілін терең әрі ұлттық ерекшелікте меңгерілгендігі байқалады. Оқушы енді өз ойын, өз қалауын, өз сезімін ана тіліндегі сөз байлығын қолдана отырып, грамматикалық түрде өте дәйекті тұрғыда түсіндіре алады. Осы ретте бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсартудағы психокоррекциялық жұмыстардың тиімділігін орасан зор, сол себепті де біз бастауыш сынып оқышылар арасында жиі жүргізуді ұсынамыз.

Оқырмандар назарына бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсартудағы психокоррекциялық жұмыстардың бір үлгісін ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Мақсаты: Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсарту, эмоционалдық жайсыздықты төмендету, қарым-қатынас жасауға, жағымды мінез-құлықты қалыптастыруға үйрету.

Пәні: Бастауыш мектеп жасындағы балалар (6-9 жас).

Бағдарламаның ұзақтығы: 2-3 ай.

Апталық жүктеме: аптасына 2 рет.

Жұмыстың ұзақтығы: 20-30 минут

Жұмыс түрі: топтық.

Қатысушылар саны: 6- 7 оқушы

Жоспар:

1. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың эмоционалдық жай- күйін жақсарту.

2. Бағдарламаға сәйкес әр түрлі тапсырмалар жинағын өткізу, көзделген нәтижеге жету.

3. Балының жастық ерекшелігіне сәйкес эмоционалдық жай- күйін тұрақтандыруға байланысты тиімді психофизикалық салмақ әдістерін таңдау.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсартуда келесідей әдістерді қолдануға болады: ертегітерапия, би терапиясы, ойынтерапиясы, психогимнастика.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсартудағы психокоррекциялық жұмыстар барысында қолданыталын жаттуғулар:

	Жаттығулар тақырыбы
1.	Еркін би.
2.	Топпен сурет салу. /1/
3.	Топпен сурет салу. /2/
4.	Саяхатқа барамыз.
5.	Менің жанұям.
6.	Менің тобым.
7.	«Мен» тақырыбы.
8.	Ертегі.
9.	Жануарлар.
10.	Көлеңкелі бейне
11.	Ең алдымен не болды?
12.	Жүппен қарым-қатынас жасау

Әрбір қолданылатын жаттығуларға сипаттама беретін болсақ:

1. Еркін би. Топтағылар шеңбер жасап отырады. Бір қатысушы шеңбердің ортасына шығып би билейді. Би өте керемет болуы міндет емес. Басқалармен жарысудың да қажеті жоқ. Өз денеңізді еркен ұстап, еркін қозғалыс жасасаңыз болғаны. Бірнеше минуттан соң өз орныңызға басқа адамды ортаға шақырып өзіңіз оның орнына отырасыз. Әрбір қатысушының өз еркімен би билеуін қамтамасыз етіңіз. Бұл тапсырма қатысушылардың эмоционалдық жай- күйінің көтерілуіне әкеледі. Тапсырма орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой- пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 20 минут)

2. Топпен сурет салу. Барлық қатысушылар ортаға шеңбер жасап отырады. Әрқайсысының алдында ақ қағаз және түрлі түсті қарындаштар беріледі. Әркімнің өзіне ең маңызды деген суретті салуды ұсынады. Бастаушының белгісі бойынша өзіңі қолындағы суретті қасындағы адамға береді, ол суретті жалғастырады, өз ойын қосады, өзгертеді, толықтырады, келі адамға береді, осылай өзінің суреті қайтып келгенше салады. Соңында сурет бойынша өз ойларын айтады. (Ұзақтығы 25 минут)

3. Топпен сурет салу. Бұл жаттығудың екінші түрі: топтың мүшелері үлкен қағазға кезекпен кезек шығып ойды жалғастырып сурет салады. Өздерінің көңіл-күйін беруге, ерекше композиция құруға талаптанады. Тапсырма

орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой-пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 25 минут)

4. Саяхатқа барамыз. Қатысушылар шеңберге отырады. Мен сіздермен бірге саяхатқа барамын. Сіздер саяхатқа шыққанда өздеріңізбен бірге не алып барар едіңіздер. Мен: тамақ, киім, доп, фотоаппарат т.б. Бастаушы қолындағы затты өзінің қасындағы адамға береді, ол рұхсат етіңіз, баруға болама? Т.б. жағымды эмоционалды көңіл-күйде ұсынуы қажет. Егер ол талап орындалмасы саяхатқа бірге баруға келсіпейді. Тапсырма орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой-пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 25 минут)

5. Менің жанұям. Топтың бірнеше қатысушысын таңдап, оларды өз отбасы мүшесімен эмоционалды жақындылық деңгейіне сай болу үшін физикалық дистанциясын кеңістікті орнатады, әр қатысушы өзінің жанұясы туралы пікірлерімен алмасады. Тапсырма орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой- пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 20 минут)

6. Менің тобым. Өзінің жақындарына, отбасы мүшелеріне, топ мүшелеріне сезімдерді білдіруге байланысты тақырыпты сөз етеді. Топ мүшелері кеңістікте орналастырылады, топ мүшелерінің арасындағы физикалық дистанция эмоционалды жақындық деңгейін көрсетуі керек. Тапсырма орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой-пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 25 минут)

7. «Мен» тақырыбы. Қатысушылар нақты мәселелеріне байланысты тақырыптарды талғқылайды. («Мен қандаймын? Мен қандай болғым келеді?», «Адамдар арасындағы Мен», «Менің отбасым» және т.б). Тапсырма орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой-пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 30 минут)


8. Ертегі. Тақырып ертегі сюжеттері мен фантазияларды қолданумен байланысты. Қатысушылар сиқыршылар, ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнайды. Қатысушылар назарына белгілі бір ертегі немесе аңыз әңгімен ұсынылып, сондағы кейіпкер рөлін ойнап беру ұсынылады. Әр қатысушы сол бейнеге еніп өздерін қалай сезінгендігі басқалармен бөліседі. Тапсырма орындалып біткеннен кейін әр қатысушы өзінің ой- пікірімен бөліседі. (Ұзақтығы 30 минут)

9. Жануарлар. Кез келген құсты немесе жануарларды таңдаңыз. Сіз 20 минут көлемінде осы құс немесе жануардың бейнесіндесіз. Нені таңдадыңыз оны ешкімге айтпаңыз. Өзіңіз сол жануарлар сияқты секіріңіз, жүгіріңіз, ұшыңыз т.б қимылдар жасап, басқаларға да өзара әрекет жасауларыңызға болады. Тасырмаларға шығармашылықпен келуге талаптаныңыз. Өз ойларыңызбен бөлсіңіз. (30 минут)

10. Көлеңкелі бейне. Топта барлығы екі-екіден қарама-қарсы тұрады. Әрбір жұптың біреу бастаушы екіншісі оны қайтаолаушы болады. Бір-біріне қарама-қарсы тұрып көздерін бір-бірінен алмайды, бастаушы би қимылдарын, немесе кез-келген қозғалысты жасайды, егер бастаушы оң қолын көтеретін болс. Екінші адам сол қолын көтереді, оның көлеңкесі тәрізді қайталап орындайды. Бір-бірін бақылай, қайталай білуге жатытығады. Соңында өз сезімдерімен, пікірлерімен бөліседі. (15 минут)

11. Ең алдымен не болды? Қатысушылар топқа бөлініп, олардың назарына суреттер тізбегі ұсынылады. 1 суретте бір-бірімен тіркесіп жатқан екі қой болса. 2 суретте тауық пен балапан суреттер берілген. Суретті қарап әр топ өзінің пікірін білдіреді, ой- пікірлерімен алмасады.

1-сурет



12. Жүппен қарым-қатынас жасау

Мақсаты: бұл жаттығудың барысында адамдар бір-бірімен танысуда жақсы қарым-қатынаста болады және вербалді, вербалді емес қарым-қатынасты эксперимент жасауға тиімді. Уақыт: 30 минут

Орындалу барысы: Әркім өзіне жұп таңдайды. Төмендегі жаттығуларды бірге орындайды. Бес минут уақыт өткеннен кейін оны келесі жұппен орындауды ұсынып өздері басқа жаттығуларды орындауға кіріседі.

Арқамен-арқаға. Орындықтардың арқалығын бір-біріне түйістіріп қойып алады. Өздері орындыққа арқаларын түйістіріп отырады да әңгімелеседі. Бірнеше минут өткен соң бір-біріне қарап өздерінің пікірлерімен бөліседі.

Бірі орындыққа отырып, бірі түрегеліп тұрып әңгімелесу. Бірнеше минут өткен соң өздері түрегеліп тұрғанда қандай сезімде болды, отырған адам қандай сезімде болғанымен ой бөліседі.

Көзге тікелей қарау. Қарама-қарсы отырған екі адам бір-бірінің көзіне қарап сөз айтпй бір-бірімен түсінісуі керек. Бірнеше уақыт өткеннен кейін өз пікірлерін ортаға салады.

Жоғарыда келтірілген бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсартудағы психокоррекциялық жұмыстарда



қолданылатын жаттығуларды осымен шектеп қана қоймай, сонымен бірге басқа да тапсырма түрлерімен сабақтастыруға болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психоэмоционалдық жай-күйін жақсартудағы психокоррекциялық жұмыстардың тиімділігі баланың әлеуметтік ортаға тез бейімделуіне, сабақтарды меңгерудегі есте сақтау, ойлау, қиял, сөйлеу, зейін сынды таным процесстерінің дамуына септігін тигізери анық.

### **Әдебиеттер:**

- 1.Абрамова Г. Практическая психология.-М., 2007. -357с.
- 2.Айқынбаева Г.Қ., Стамкулова Қ.Ш. 12 жылдық білім берудегі мектеп психологтарына арналған көмекші әдістемелік құрал. Астана, 2008. -65б.
- 3.Большаков В.Ю. Психотренинг. Социодинамика. Игры. Упражнения.-СПб., 2002. -187с.
- 4.Психологические тесты. /Под.ред. А.А. Карелина: В 2т.-М., 2006. с 30-37.
- 5.Сыздықова Ғ.С., Айқынбаева Г.Қ., Стамкулова Қ.Ш. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтудың әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктері /әдістемелік көмекші құрал/. Астана, 2008. 59б.

ӘОЖ 377.131.14

## **ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУ ЖҰМЫСЫН ЗЕРТТЕУ**

**Арзымбетова Ш.Ж.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

**Тоқтасынова А.Ғ.**

Магистр, оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Қоғам дамуымен бірге адамдар, ақырындап, адами парыздың мәні әрбір адамның дамуы үшін жағдай жасауда жататыны жөніндегі түйінге келіп жатыр. Бұл, ережеге сай, олардың қалыпты даму үрдісіндегі құрдастарымен тең жағдайда білім алу құқығын қамтамасыз етуде тұжырымдалатын қоғам мен мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қарым-қатынасының өзгеруіне алып келді.

Білім берудің жаңа құндылықтарын қоғам мен адам дамуы үшін жағдай жасайтын әлеуметтік жүйе ретінде тану өз кезегінде инклюзивті білім берудің дамуына зор әсерін тигізді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау құрдастарымен бірлесе отырып оқыту ұсынысы – қазіргі күннің басты талабы болып отыр. Бұл осындай балаларға білім беру жүйесі дамуының заңды кезеңі. Мүмкіндігі шектеулі әрбір бала білім беруші ұйымдардың кез-келген түрінде